

A decorative border of pencils surrounds the text. The pencils are arranged in a rectangular frame, with some at the top, some at the bottom, and some along the left and right sides. Each pencil is oriented diagonally, pointing towards the center of the page.

**Қарағанды облысы Осакаров ауданы**  
**«№8 ЖББМ» КММ**

**Білім күніне арналған сценарий**

**Дайындаған: ТЖІО Кэ. Азигуль**

**2023-2024 оқу жылы**

*1 – қыркүйек Білім күніне арналған  
«Сыңғырла қоңырау, сыңғырла!» рәсімінің мерекесі*

1. Сапқа тұрғызу. Мектеп , балалық шақ әуендері орындалады.  
Оқушыларды мектептің алғашқы әскери басшысы сапқа тұрғызады.

1. Жүргізуші      Мереке зор қуаныш – Білім күні,  
Сыңғырла, қоңыраудың алғашқы үні.  
Қош келдің, құтты болсын қадамдарың,  
Балдырған, балғын жандар – өмір гүлі.  
Құрметті ұстаздар, оқушылар! Қадірлі ата – аналар! Алғашқы  
қоңырауға арналған «Сыңғырла қоңырау, сыңғырла!» атты  
салтанатты жиынға арнайы келіп отырған аудан қонақтары,  
Баршаңызды бүгінгі жаңа оқу жылының басталуымен және білім  
күнімен құттықтаймыз!

2. Жүргізуші

Добрый день, дорогие наши ученики, гости, уважаемые педагоги,  
родители!

Уже земля сменила платье,  
Надела яркий свой наряд  
Сегодня праздник! Школьный праздник!  
По всей стране, у всех ребят!

1. Жүргізуші

Биыл менде мектепке,  
Біріншіге барамын.  
Мақтанбаймын мен текке,  
Дайын дәптер қаламым - дей келе, сіздердің қошеметтеріңізбен  
бірінші сынып оқушылары мен 11 сынып оқушыларын қарсы  
алайық!

1. Сәкен Асыл

2. Прокудина Алина

1. Қарабай Дильяна

2. Төлеген Нұрәлі

1. Искакова Әсем

2. Қайрат Нұртөре

1. Жәнел Айша

2. Үсен Ислам

1. Шопабаева Мерей

## 2. Жүргізуші

Сынып жетекшілер

1. Рақымқулова Жанар Алдабергеновна

2. Төлеубекова Шынар Ерлановна

Білім есігін ашар жас бүлдіршіндер, алғашқы қадамдарыңыз құтты болсын!

## 2. Жүргізуші

Бірінші қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиынды ашық деп жариялаймыз!

## 1. Жүргізуші.

Сегодня на нашем торжественном мероприятии присутствуют уважаемые гости:

Аким Маржанкольского сельского округа Мусипов Серикжан  
Оспанович

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимн орындау.*

## 1. Жүргізуші

Номер

### 1, Жүргізуші,

Жан шуағы, күн шуағы арай ма,

Ұстаз деген әулиедей талайға.

Басың иіп өткен жоқ па біз түгіл,

Әл – фараби, Омар, Ғалым АБАЙ да. «Алғашқы қоңырау» мерекесін

салтанатты түрде ашу сөз кезегі мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

**Машанова Наталия Юрьевнаға беріледі.**

## 2. Жүргізуші

Келесі құттықтау сөз кезегі Маржанкол ауылдық округінің әкімі

**Мусипов Серикжан Оспановичке беріледі.**

## 1. Жүргізуші

Келесі кезекті мектеп табалдырығын аттап отырған 1 сынып оқушыларына береміз

(балалар тақпақтарын айтады)

## 2 жүргізуші

Құттықтау сөз 1 сынып ата – аналарына беріледі.

(ата- аналар сөйлейді)

1. Жүргізуші «Алғашқы қоңырау соғу» салтанаты мектебіміздің 11 сынып оқушысы Сәкен Асыл және 1 ші сынып оқушысы Үсен Исламға беріледі.

## 2. Жүргізуші,

Бүлдіршіндер, сендерге артар міндет көп,  
Көтеріңдер мектептің атын құрметтеп.  
Білімнің көзін аша білсең тереңнен,  
Жетелейді армандарға бұл мектеп

## 1. Жүргізуші

1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиынды жабық деп жариялаймыз. Құрметті оқушылар сіздерді **«Мектебім-Мейірім Мекені» тақырыбында**

республикалық сынып сағатына шақырамыз

Оқушылардың мектепке кіруі.